



010000, Астана , Парламент Мәжілісі

201\_\_ жылғы “ \_\_\_\_\_ ” \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года  
№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрі  
Ж. М. Қасымбекке**

2017 жылғы 25 қаңтарда  
жарияланды

### **Депутаттық сауал**

#### **Құрметті Жеңіс Махмұдұлы!**

Кейінгі кезде еліміздің кейбір қалаларында көше бойлай тартылған полиэтилен құбырлар қатты аязға шыдамай жарылып, жұртшылыққа қолайсыздық тудырған апаттық жағдайлар орын алғандығы мәлім. Мамандардың айтуынша, мұндай төтенше оқиғалардың себебі полиэтилен құбырларын шығаруда тиісті стандарттың сақталмауында, нақты айтқанда, сапасы нашар, кейде тіпті құбыр емес, пленка жасауға арналған арзан шикізаттың қолданылатындығында болып отыр.

Қазір Қазақстанда полиэтилен құбырлар шығарумен айналысатын 70-тен астам зауыт бар. Олардың қайсыбіреулері мемлекеттік сатып алу бойынша өткізілетін тендерлерге қатысу кезінде тым арзан баға ұсынып, сапа мәселесіне жете көңіл бөлмейтіндігі анықталып отыр. Тіпті олардыңөздерінің дайын өнімдеріне белгілеген бағасы кейде сапалы шикізат сатып алуға жұмсалатын шығынды да жаппайтын болып шықты. Мұндай арзан құбырлар қағаз жүзінде 50 жылға қолдануға жарамды деп көрсетілгенімен, іс жүзінде 3-5 жылдың ішінде тозып бітеді. Ал осындай сапасыздық фактілерін әшкерелеп, шын мәнінде жосықсыз өнім жеткізушілерді сотқа сүйреп жүргендер жоқтың қасы. Соның салдарынан көзге ұрып тұрған кемшілікке кеңшілік беріліп келе жатқандығы қынжылтпай қоймайды.

Міне, осы келеңсіз құбылысты болдырмау мақсатында мамандар тиісті мемлекеттік стандарттарға (ГОСТ 18599-2011 және СТ РК ГОСТР 50838-2011) полиэтилен құбырлардың пайдалану мерзіміне кемінде 10 жыл кепілдік беру туралы талапты енгізуді ұсынып отыр.

Бұған қоса, полиэтилен құбырларының сапасын арттыру үшін отандық шикізат пайда болғанша, шетелдерден әкелінетін сапалы шикізатқа салынатын баж салығын алып тастау жөніндегі ұсынысты да қарастырған жөн сияқты. Өйткені, шетелден тасылатын сапалы шикізатты қымбатсынған кәсіпорындардың басшылары оны табиғи күйіндегі, тұрақтандырылмаған арзан шикізатпен алмастырып, өнім сапасын кемітуге жол беріп жүр.

Тағы бір ескеретін мәселе – ескірген мемлекеттік стандартқа (ГОСТ 5762) сәйкес жасалған жобалау-сметалық құжаттамасында материалдардың сапасы мен пайдалану мерзімі бойынша арнайы талаптар қарастырылмағандықтан, құбыр желісі арматуралары бойынша өткізілетін тендерлерде де өздері шығарған сапасыз бұйымдарға тым арзан баға ұсынғаншын мәнінде жосықсыз өнім жеткізушілер жеңіске жетіп жүргендігі. Тіпті олар шетелден әкелген арматуралар да сапасыз болғандықтан, бірер жылдың ішінде істен шығып, кейбір қалалардың сумен жабдықтау кәсіпорындары 2014-2015 жылдары қосымша шығындануға мәжбүр болған. Осы орайда ілмекті арматуралар шығаратын отандық өндірушілердің өздері жасап шығарған «Сумен жабдықтауға, су бұруға және газбен жабдықтауға арналған құбыр желісі арматуралары» ССИ-05-2015 үкіметтік емес стандартын өндіріске енгізу мәселесін күн тәртібіне шығаратын кез жеткен тәрізді.

Сізден аталған мәселелерді қарауды сұраймыз.

Осы депутаттық сауалға жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық Заңының 27-ші бабына сәйкес жазбаша беруіңізді өтінеміз.

**Құрметпен,  
депутаттар, «Нұр Отан» партиясы  
фракциясының мүшелері**

**К. Мұсырман  
Б. Мамраев  
М. Айсина  
З. Аманжолова  
Б. Хаменова**

Орындаған: Канафина А.Қ.  
Тел.: 74-62-21